

«Бекітемін»

Жареткел неғұлғорта білім беретін мектебінің  
директоры: С.Биртаев, Г.А.Алина

№ 1 «29 2024 жыл  
Пед. кенесте қаралды



«Келісемін»

Аудан білім бөлімінің басшысы:  
Биртаев С.Б. Биртаева

«12 » 04 2024 жыл



### «Ұлттық құндылықтар»

(Белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабак)

Сыныбы: 2

Орындауды: Г.А.Алина  
(курс жетекшісі)

№ 1 хаттама «29 » наука 2024жыл  
Ә/Б отырысында қаралды: Онис Өтегілеуова Б.Ғ  
(Ә/Б жетекшісі)

Тексерілді: \_\_\_\_\_ Жиеналы М.А  
(Оку ісінің менгерушісі)

### **Түсінік хат**

«Ұлттық құндылықтар» бағдарламасы мектептің 2-сыныбына арналып құрылған. Барлығы 34 сағатқа жоспарланып жасалған.

Бұл бағдарлама оқушылардың салт-дәстүр туралы білімін тереңдете отырып, ой - өрістерінің дамуына, халқымыздың салт-дәстүрін сактауга, құрметтеуге және бағалауга баулиды. **Курстыңерекшелігі:** оқушының өз-өзіне деген сенімділігін арттырады, өзін еркін ұстай білуге баулиды, оқушыларды шығармашылық жұмыстарға бағыттай отырып, ізденімпаздыққа үйретеді, салт-дәстүрімізді терең біле отырып, қазақ халқының ұлттық мінез- құлқын, қасиеттерін таниды. Ою – өрнектерін, зергерлік әшекей бұйымдарын, қол өнерін көре отырып, өз бойларындағы қабілеттерін аша білуге ықпал етеді.

#### **Мақсаты:**

- қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарын, тұрмыс – салт дәстүрлерін, ата кәсіп, әлеуметтік- мәдени салт – дәстүрлерін үйрету;
- оқушының ой-өрісін, сөйлеутілін, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- өз бойларындағы қабілеттерін аша білуге ықпал жасау;
- оқушыларды ұлттық салт – дәстүрімізді қадірлеуге, бағалай білуге тәрбиелеу;
- оқушылардың жасерекшеліктерінесәйкесокыту;

#### **Міндеттері:**

- ұлттық құндылықтар негізінде оқушылардың мәдени құзіреттілігін қалыптастыруды теориялық түргыда негіздеу;
- оқушылардың мәдени құзіреттілігін қалыптастыруда ұлттық құндылықтарды пайдалану мүмкіндіктерін айқындау;

Бұл бағдарламаның мазмұны гасырлар бойы атадан балага беріліп, ұрпактан - ұрпакқа жалғасын келе жаткан қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты әдет- ғұрыптары, тұрмыс – салт дәстүрлері, ата кәсіп, әлеуметтік- мәдени салт – дәстүрлерінен тұрады.

#### **Жалпы оқу үрдісінің сипаттамасы, әдістері, жұмыстың түрлері:**

- сөздік жұмысы, анықтамаларды, сөз үйрету техникасын колдану.
- Тіл дамыту жұмыстары.
- слайд, презентация жасау.
- ойындар, койылым, көрініскөрсету
- мұражайларға экскурсия
- заманауи талапқа сай киіз үйдің макеттерін жасау, қол өнер түрлерін жасап үйрену.
- оқыту мен окуда АҚТ колдану.
- оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.

#### **Курс бағдарламасы бойыниша күтілетін нәтиже:**

Қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты әдет- ғұрыптары, тұрмыс – салт дәстүрлері, ата кәсіп, әлеуметтік- мәдени, салт – дәстүрлерін тереңірек түсіну;

- Өз бетінше қосымша мағлұматтар іздей отырып, ойларын, білімдерін саралау;
- Талқылауда өз ойларын ортага салу;
- Қол өнер түрлерін тәжірибеде жасаудың жолдары туралы өз ойларын толық жеткізу;
- Ұлттық қолөнерімізді заманауи талапқа сай жаңғыру, өмірде пайдалану;
- Ұлттық құндылықтарымызға ерекше құрметпен қарап, бағалай білу.

## **Мазмұндық болімі**

### **Кірісне.**

Бұл бөлімде окушыларға қазақ халқының қалыптасқан әдет- ғұрыптары мен салт- дәстүрлерінің тәлім- тәрбиелік, білім- танымдық рөлі орасан зор. Адамның өмірге келген күнінен бастан, оның есейіп, картайып, о дүниеге кеткенге дейінгі өмірі мен іс - әрекеті, өмірдегі баскалармен карым - қатынасының барлығы – ұлттық әдет - ғұрыптар мен салт дәстүрлерден өзекті орын алып, адамның дүниетану көзқарасын қалыптастыратын үлкен тәрбие мектебі.

### **I - болім. Қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты әдет- ғұрыптары**

Бұл бөлімде окушылар қазақ халқының ен үлкен салт - дәстүрлері: амандасу салты, ұлттық отбасы тәрбиесі, бала тәрбиесіне байланысты шілдехана, балаға ат кою, бесік той, бесік жырлары, тұсау кесу, сундет той, бауырына салу, асырап алу туралы білімдерін көнегінде. Өйткені қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше көніл болған.

**II - болім. Тұрмыс – салт дәстүрлері .** Бұл бөлімде киіз үй (сыйлы орын «төр»; үй иесінің орны; аспаздық бөлігі; отбасындағы жастар орны; ат-әбзелдер сактайтын орын; «босага мен кіре беріс»; киіз үйдің ортасы- ошақ туралы әңгімелу), киіз үйдің жиһаздары, қолөнер түрлері, ұлттық күймдер мен ұлттық тағамдар туралы білімдерін толықтырады.

**III - болім. Ата кәсіп.** Халқымыздың ата кәсіптерімен таныстыру. Қазактың кошпелі тұрмысындағы төрт түлік малдың ерекше алатын орны туралы әңгімелу. Егіншілік, аныштылыш, балық аулау кәсіптерімен таныстыру. Қазақтың ен көне ұлттық өнері – атбөгілік туралы үйрету. Құсбегілік өнердің кыр-сыры, алатын орны туралы әңгімелу.

**IV - болім. Әлеуметтік- мәдени салт - дәстүрлер.** Тұыстық карым – қатынастар (улкенді сыйлау, кішіге қамкорлы болу, «жеті ата», «жеті қазына», «жеті» саны т.б.) және оның ерекшеліктері туралы әңгімелу. Үйлену-үй болуга байланысты салт- дәстүрлер, қонақ күту, халықтық ұлттық мерекелерді откізу. Ұлттық музикалық аспаптары туралы окушының дүниетанымын көнегіту.

**Жоба қорғай – 1 сағат**

№	Сабактың тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны	Күні	Ескерту
1	Кіріспе.	«Ұлттық құндылықтар» атты курстың мазмұнымен, мақсатымен таныстыру.	1	2.09	
2	Амандасу салты	Қазақ халқының амандасу салтын білу, сақтау	1	09.09	
3	Шілдехана	Сәбі өмірге келгенде жасалатын ырым-тайымдар туралы білу, өмірде қолдану.	1	16.09	
4	Балаға ат қою	Халқымыздың ат қою дәстүрлерін сақтау.	1	23.09	
5	Бесік тойы	Бесік тойына байланысты дәстүрлерді білу, өмірде қолдану.	1	30.09	
6	Бесік жырлары	Бесік жырларын білу	1	07.10	
7	Тұсай кесу	Тұсай кесуге байланысты дәстүрлері білу, сақтау	1	14.10	
8	Атқа мінгізу тойы	Халқымыздың ұмыт болған салт - дәстүрін еске түсіру, окушының танымдық қабілетін дамыту.	1	21.10	
9	Сұндет той	Сұндет тойдың маңыздылығын, денсаулыққа пайдасын білу;	1	04.11	
10	Тілашар тойы	Тілашар тойы арқылы баланың білімге деген ынталанысын, қызығушылығын арттыру.	1	11.11	
11	Киіз үй. Киіз үйдін түрлері	Киіз үй, киіз үйдін түрлерімен таныстыру. Киіз үйді заманына сәйкес жаңғырту.	1	18.11	
12	Қара шанырак	Қара шанырактың кадірін білу, қара шаныракты күрметтеу.	1	25.11	
13	Қолөнер. Қолөнердін түрлері	Халқымыздың қолөнер түрлерін білу, қолөнерімізді заманға сәйкес жаңғырта білу.	1	02.12	
14	Ұлттық киімдер	Ұлттық киімдерімізді насиҳаттау, заманға сәйкес жаңғырта білу	1	09.12	
15	Ою. Оюдың түрлері	Ұлттық ою-өрнектеріміздің түрлерін білу, ою-өрнектеріміздің сырын түсіну.	1	23.12	
16	Коржын	Коржын тігіп үйрену, коржынның ерекшелігін, тәрбиелік мағынасын білу.	1	06.01	
17	Қазақ дастарханы	Қазақ дастарханының ерекшелігін, тәрбиелік мағынасын білу.	1	13.01	

18	Төрт түлік	Төрт түліктің аттарын білу, төрт түлікке байланысты такпактарды жатқа айту.	1	20.01	
19	Казактың егіншілік кәсібі	Казактың егіншілік кәсібі туралы айта білу	1	27.01	
20	Аншылық кәсібі	Аншылық кәсіппің тәрбиелік мәні туралы айта алу	1	03.02	
21	Балық аулау кәсібі	Халқымыздың балық аулау кәсібінің ерекшелігін білу	1	10.02	
22	Тұыстық қарым –қатынастар	Тұыстық атауларды білу, тұыстық қарым –қатынастарды сактауға тәрбиелеу	1	17.02	
23	Жеті ата	Жеті атаны білудің маңыздылығын түсіну	1	24.02	
24	Жеті қазына	Жеті қазынаны білу	1	03.03	
25	Конакты карсы алу мен күту рәсімдері	Конакты карсы алу мен күту рәсімдерін білу, конакты дұрыс күте білуге тәрбиелеу	1	17.03	
26	Шешендік сөздер	Шешендік сөздердің мағынасын түсіну, үзінділер жаттау	1	31.03	
27	Айтыс	Айтыс өнерінің ерекшелігі, тәрбиелік мәні туралы білу.	1	07.04	
28	Наурыз мейрамы	Наурыз мейрамының ерекшелігі, маңызы туралы білу; наурыз мейрамына байланысты өлеңдерді жатқа айта алу.	1	14.04	
29	Музыкалық аспаптар	Ұлттық музыкалық аспаптарды білу, күйлер тыңдау.	1	21.04	
30	Ұлттық ойындар және оның түрлері	Ұлттық ойындарымызды және оның түрлерін дәріптеу, сактау.	1	28.04	
31	«Асық» ойыны	«Асық» ойынын ойнай білу, жаңғырту	1	05.05	
32	«Тоғызқұмалак» ойыны	«Тоғызқұмалак» ойынын үрету, насихаттау	1	12.05	
33	Той ойындары.	Той ойындарын ойнату, заманға сайжанғырту	1	19.05	10.03
34	Жоба корғау	Алған білімдерін корытындылау	1	19.05	
	Барлығы		34		

### **Дүлдәндылғанәдебиеттертізімі:**

- 1 С.Қалиев, М. Оразаев, М. Смайлов. Қазак халқының салт-дастүрлері. Алматы, «Рауан», 1994ж.
2. Әбділдабеков М. «Қазақхалқының тұрмыссалты». Қазақстан мұғалімі. 1990ж
- 3.Наурызбаева Р. «Халықтық педагогиканың этнологиялық бағыттары» Қазақстанмектебі 2008ж.
- 4.Этнопедагогика. Республикалық ғылыми - әдістемелік журнал. 2009ж.
5. Сагындықов Е. Қазақтың ұлттықойындары «Рауан» 1991ж.
- 6.Арғынбаев Х.А. Қазақхалқындағы семья мен неке. Алматы, «Ғылым», 1973ж.
7. Наурызбаева Р. «Халықтық педагогиканың этнологиялық бағыттары» Қазақстанмектебі 2008ж.
8. Габдуллин М. Қазақхалқының ауызызәдебиеті. Алматы, «Мектеп», 1987ж.
9. Жанұзақов Т. Есімініzkім? Алматы, «Жазушы», 1989ж.
10. Измаилов А.Ә. Народные педагогики Средней Азии и Казахстана. Алматы, «Педагогика», 1991ж.
- 11.Омирбекова М.Ш. «Традиционная культура казахов». Алматықітап. 2004ж.
12. «Мәнгілік ел» идеясы - ұлттық идеология. Болашақбағдар: руханижанғыру

### **Қосымша**

Шығармашылық жұмыстардың, жобалардың тақырыптары:

- 1.Реферат, буклет, Альбом, Презентация PowerPoint «Әдет-ғұрыш», «Салт-дастүрлер», «Қолөнер», «Ұлттықтағамдар», «Атакөсіп», «Ұлттықойындар» модульдері бойынша.
2. Тақырыптық презентация, көрме, окулықжоба «Сөзжұмбактар», «Шілдехана», «Тұсауқесүтойы», «Үйленутойы», «Киізүй», «Зергерлікбұйымдар», «Қызкуу».
- 3.Шығармалар, эссе: «Мағанұнайтынсалт-дастүр», « Жетіатаны неге білу керек?», «Мен қатысан той», «Оюларсөйлейді», «Асықойындары»
4. Модельдер жасау: Киізүй
5. Мұражайларға экскурсия

Практикалық жұмыстар:

1. Шанырақжасау
2. Керегежасау
3. Кізүйжасау
4. Оюларою
5. Қоржынтігу
6. Сәукележасау
7. Сандақша жасау
8. Бесікжырларының жинағын жасау
9. Іздестарға оруулу

### **Интернет ресурстар:**

Амандасты: <https://www.youtube.com/watch?v=IZ6sjXMATEQ>

Шілдехана : <https://www.youtube.com/watch?v=fbrTiDHrylk>

Бала тәрбиесі : <https://bilim-all.kz/article/1945>